

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 желтоқсанда № 21818 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 27-бабының 6-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (12.03.2026 бастап қолданысқа) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына
1-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Шарттары жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.11.2022 № ҚР ДСМ-134 (24.11.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 27-бабының 6-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы сертификатты алу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау тәртібін, сондай – ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (12.03.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды (бұдан әрі – ӘҚНҚ) – электрондық құжатқа рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесімен берілетін нөмір;

2) денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау - денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің біліктілігінің Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарт талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін білім мен дағдыларды бағалау рәсімі;

3) денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты (бұдан әрі – маман сертификаты) - жеке тұлғаның біліктілігін және клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметке дайындығын қоса алғанда, оның денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік қызметке дайындығын растайтын, белгіленген үлгідегі құжат;

4) денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттау (бұдан әрі - сертификаттау) - жеке тұлға біліктілігінің денсаулық сақтау саласындағы салалық біліктілік шеңберінде және кәсіптік стандарттарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау рәсімі, сондай-ақ клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметке дайындықты қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік қызметке дайындықты айқындау;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

б) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман – санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама, гигиеналық оқыту, санитариялық-эпидемиологиялық аудит, дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ұйымда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы тәуекелдерінің дәрежесін бағалау бойынша функцияларды жүзеге асыруды қамтитын еңбек міндеттерін орындайтын жеке тұлға немесе сертификат алуға үміткер.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Маман сертификаты әрбір 5 (бес) жыл сайын расталуы тиіс.

2-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидалары" бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – білім мен дағдыларды бағалау қағидасы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) сәйкес бағалау жөніндегі ұйым жүргізетін кәсіптік даярлығын бағалаудан өткен мамандар клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға жіберу үшін сертификаттаудан (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) біліктілік деңгейіне сәйкес өтеді.

Біліктілік деңгейін беруге немесе растауға өтініш беруші емес көрсетілетін қызметті алушы кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесін ұсынбайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.06.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында Медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған көрсетілетін қызметті алушылар "орта, техникалық және кәсіптік туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрықтарына сәйкес білімі және (немесе) біліктілігі танылған жағдайда сертификаттауға жіберіледі, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) және "білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) (бұдан әрі - тану қағидалары).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.04.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы сертификаттаудан өту және қолданыстағы маман сертификатын растау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаментіне (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жібереді.

Медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушы осы қағиданың 2-қосымшасына сәйкес "Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттар мен мәліметтерді ұсынады (бұдан әрі – № 1 тізбе).

Фармацевтикалық білімі бар көрсетілетін қызметті алушы осы қағиданың 3-қосымшасына сәйкес "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттар мен мәліметтерді ұсынады (бұдан әрі – № 2 тізбе).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.04.2024 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қолданыстағы маман сертификатын растауға арналған құжаттар мен мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес ұсынады.

8. Маман сертификаты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен маманданулардың тізбесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21699 болып тіркелген) (бұдан әрі - Мамандықтар мен маманданулардың тізбесі) сәйкес беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы келісі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады:

2012 жылдан кейін оқуды бітірген көрсетілген қызметті алушылар үшін денсаулық сақтау саласында жоғары және (немесе) жоғары орнынан кейінгі білімі туралы (сервисте болған жағдайда);

2012 жылдан кейін оқуды бітірген көрсетілген қызметті алушылар үшін денсаулық сақтау саласындағы орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімі туралы (сервисте болған жағдайда);

мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша қолданыстағы маман сертификаты және біліктілік деңгейі туралы (сервисте болған жағдайда);

білім туралы құжаттарды алғаннан кейін атын, әкесінің атын (бар болса), тегін өзгерткен көрсетілетін қызметті алушы үшін атын, әкесінің атын (бар болса), тегін ауыстыру немесе неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы (сервисте болған жағдайда);

білім мен дағдыларды бағалау қағидасына сәйкес кәсіптік даярлығын бағалау нәтижелері туралы;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес көрсетілген қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттары (сервисте қызметкерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болған жағдайда);

денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижесін растайтын құжаттар бойынша (сервисте мәліметтер болған жағдайда);

мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы куәлігі (транскрипт) (мамандандыру бойынша маман сертификатын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (сервисте мәліметтер болған жағдайда);

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған деректерге сәйкес мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша медициналық немесе фармацевтикалық қызметке тыйым салу немесе тыйым салынбау туралы (сервисте болған жағдайда).

Көрсетілетін қызметті алушыға ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуін жол берілмейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар мен мәліметтер келіп түскен күні оларды қабылдайды және тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

11. Көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының құжаттары мен мәліметтерін тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде № 1 Тізбенің 8-тармағына немесе № 2 Тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толықтығын тексереді.

№ 1 Тізбенің 8-тармағына немесе № 2 Тізбенің 8-тармағына және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарға сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толық болмау фактісі анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған өтінішті қабылдаудан бас тартуды (еркін нысанда) жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің осы қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабы бойынша әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі (дәлелді бас тарту).

13. Көрсетілетін қызметті алушы алдын ала шешімге қарсылықты оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

14. Көрсетілетін қызметті алушы өзінің қарсылығын ауызша білдірген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тыңдау хаттамасын жүргізеді, ол ӘРПК-нің 74-бабына сәйкес ресімдейді.

15. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі және осындай құжаттар мен мәліметтерді ресімдеу туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынады.

Ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтеріне сілтеме жасай отырып, әрбір ескертуді дәлелдейді және көрсетілетін қызметті алушыға өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді.

16. "Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру" және "дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

17. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізеді.

19. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын "Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер № 1 Тізбеде баяндалған.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер № 2 Тізбеде баяндалған.

20. Осы қағидаларға өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізу кезінде, көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

3-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы шетелдік мамандар сертификатының қолданылуын растауды, сертификаттауды жүргізу тәртібі

21. Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызметті жүзеге асыру үшін келген немесе жұмыс беруші тартатын және бұрын Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты жоқ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам (бұдан әрі - шетелдік маман) білімі мен дағдыларын бағалау қағидаларына сәйкес кәсіптік даярлық бағалауын өткен, клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманның сертификатын алу үшін сертификаттаудан өтеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Шетелдік мамандар кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыру үшін "Назарбаев Университетіне" немесе оның медициналық ұйымдарына, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының медициналық ұйымдарына, сондай-ақ оқыту мақсатында қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын және аккредиттелген университеттік ауруханалардың, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары клиникаларының базасындағы және резидентура базасындағы танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, ұлттық және ғылыми орталықтарға, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары медициналық колледждерге жіберілендерді

қоспағанда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған шетелдік мамандар, тану қағидаларымен бекітілген білім және (немесе) біліктілігін тану туралы құжаттармен сертификаттауға жіберіледі.

23. Негізгі еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша шетелдік маман көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі - № 3 Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді жібереді.

Қолда бар маман сертификаттын растау кезінде, шетелдік маман құжаттар мен мәліметтерін көрсетілетін қызмет берушіге сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес ұсынады.

24. Көрсетілетін қызметті беруші шетелдік маманның "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы берген келісімі болған жағдайда, "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде мәліметтерді алады:

Қазақстан Республикасының аумағында денсаулық сақтау саласында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы туралы (2012 жылдан кейін оқуды бітірген шетелдік мамандар үшін) (сервисте болған жағдайда);

Қазақстан Республикасының аумағында денсаулық сақтау саласында орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің болуы туралы (2012 жылдан кейін оқуды бітірген шетелдік мамандар үшін) (сервисте болған жағдайда);

өтінім берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша қолданыстағы денсаулық сақтау саласындағы сертификаты, біліктілік деңгейі туралы (бар мамандық немесе мамандандыру расталған кезде) (сервисте болған жағдайда);

білім туралы құжаттарды алғаннан кейін атын, әкесінің атын (ол болған кезде), тегін өзгерткен шетелдік мамандар үшін Қазақстан Республикасының аумағында атын, әкесінің атын (ол болған кезде), тегін ауыстыру туралы немесе неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы (сервисте болған жағдайда);

білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес кәсіптік даярлығын бағалау нәтижелері туралы;

Шетелдік маманнан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.06.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар мен мәліметтер келіп түскен күні оларды қабылдайды және тіркейді.

Шетелдік маман жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы келіп түскен шетелдік маманның құжаттары мен мәліметтерін тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде № 3 Тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толықтығын тексереді.

"Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күнде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, өтінішті қабылдаудан бас тартуды (еркін нысанда) жібереді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің осы қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге ӘРПК-ның 73-бабы бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді, ол туралы көрсетілетін қызметті алушы алдын ала хабардар етіледі, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей (дәлелді бас тарту).

28. Шетелдік маман оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде алдын ала шешімге қарсылық ұсынады.

29. Шетелдік маман өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші тыңдау хаттамасын жүргізеді, ол ӘРПК-нің 74-бабына сәйкес ресімдейді.

30. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 21-бабының 2-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі және осындай құжаттар мен мәліметтер ресімдеу туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынады.

Ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтеріне сілтемелермен әрбір ескертуді дәлелдейді және шетелдік маманға өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді.

31. "Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

32. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы қағиданың 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманның сертификатын беру немесе еркін нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

33. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізеді.

34. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын "Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер № 3 Тізбеде баяндалған.

35. Осы қағидаларға өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізу кезінде, көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

4 - тарау. Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттау бойынша көрсетілетін қызметті беруші шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

36. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым, көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

37. Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

38. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

39. Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімін қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

40. Егер Заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

5-тарау. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру, қайта ресімдеу, қолданысын растау тәртібі

Ескерту. Шарттар 5-тараумен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды сертификаттау Мамандықтар мен мамандандырулар тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

43. Қазақстан Республикасынан тыс медициналық білім алған жеке тұлға Тану қағидаларына сәйкес оның білімі және (немесе) біліктілігі танылған жағдайда сертификаттауға жіберіледі.

44. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

47. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі

талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде (бұдан әрі – №3 тізбе) келтірілген.

48. Осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін сертификатты алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) №3 тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жібереді.

49. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

50. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартуды дайындайды және жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған өтінішті қабылдаудан бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде №3 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Оң қорытынды болған кезде көрсетілетін қызметті беруші сертификат ресімдейді және береді.

52. Қорытындысы теріс болған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 66-бабында көзделген бір тәсілмен мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі туралы хабарламаны ресімдейді және жібереді.

Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн бұрын ӘРПК 73-бабы бойынша жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсы пікір ұсынуға немесе білдіруге құқылы.

Тыңдау жүргізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші шешімді ресімдейді және береді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі сертификат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады, ол электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен расталады және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" сақталады.

54. Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден:

- 1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы;
- 2) орта (техникалық және кәсіптік) білімінің болуы;
- 3) білімі туралы құжаттарды алғаннан кейін атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), тегін өзгерткен көрсетілетін қызметті алушылар үшін атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), тегін ауыстыру немесе неке (ерлі-зайыптылық) туралы немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу;
- 4) мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша қолданыстағы сертификаттың болуы;
- 5) Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес алынған кәсіптік даярлығын бағалау нәтижелері;
- 6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес көрсетілген қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттары (жұмыскерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы);
- 7) мамандандыру бойынша қосымшасы бар (транскрипт) сертификаттау курсы туралы куәлігі;
- 8) мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша қызметке тыйым салудың болуы немесе болмауы салынбау туралы мәліметтерді алады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Сертификатты растау үшін көрсетілетін қызметті берушіге № 3 тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 48-52 тармақтарында көзделген осыған ұқсас рәсімдерді жүзеге асырады.

56. Сертификатты қайта ресімдеу мынадай:

- 1) құжатта қателер (қате жазулар) анықталған;
- 2) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) өзгерген;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптар болған жағдайларда жүзеге асырылады.

57. Осы Қағидалардың 56-тармағында көзделген негіздер бойынша сертификатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшада көзделген нысан бойынша өтінішті және № 3 тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 48-52 тармақтарында көзделген ұқсас рәсімдерді жүзеге асырады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Осы Қағидалардың 56-тармағында көзделген жағдайларда сертификатты қайта ресімдеу бұрын берілген сертификат туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып жүргізіледі.

59. Көрсетілетін қызметті беруші растайтын құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда осы Қағидалардың 56-тармағында көзделген негіздер бойынша бастамалық жасалған сертификатты қайта ресімдеуден бас тартады.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 1-қосымша

Нысан

_____ басшысына
(мемлекеттік органның атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
жеке сәйкестендіру
нөмірі (ЖСН)
Тұрғылықты жері _____

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден _____ мамандығы немесе мамандандыру бойынша

(мамандық немесе мамандандыру атауы)

Біліктілік деңгейі* _____

Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын беруді сұраймын.

Мен дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынамын.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің облыстық, Алматы, Шымкент, Астана қалаларының аумақтық бөлімшелеріне беруге келісім беремін.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңінде қолданылады.

(көрсетілетін қызметті
алушының қолы)

(толтырылған күні)

Ескертпе*: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 2-қосымша

"Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және
---	---------------------------------------	--

		фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкімет" веб-порталы (www. egov.kz, www.elicense.kz)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні
4	Көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты (бұдан әрі - маман сертификаты) не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)
		Медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушының маман сертификатын (алғаш рет мәлімделген мамандыққа немесе мамандандыруға) алу үшін мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады: 1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығымен бекітілген

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарының 1-қосымшасына (бұдан әрі – сертификаттау қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

- 2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;
- 3) техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім туралы диплом (2012 жылға дейін оқуын бітірген көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда);
- 4) "Дәрігер" біліктілігін және (немесе) интернатурада және (немесе) резидентурада немесе клиникалық ординатурада (бар болса, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін), жоғары оқу орнында оқуды аяқтағаннан кейін интернатураны, резидентураны бітіруді көздемейтін мамандықтар бойынша құжаттар;
- 5) "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің

2023 жылғы 12 маусымдағы бұйрықтарының өзгеруіне байланысты сәйкес келтірілді № 268 "білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) (бұдан әрі – тану қағидалары), сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) медициналық білім алған көрсетілетін қызметті алушының білімін тану туралы құжат;

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 "денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растайтын құжаттар (бұдан әрі - Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес) (цифрлық құжаттар сервисінде іске асырылған интеграция (бұдан әрі – сервис) арқылы мәліметтер болмаған кезде (бар болған кезде). Өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша еңбек қызметі 3 (үш) жылдан астам үзілісі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын берілген маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) астам болған кезде үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес.

7) "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша

және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкес Оқыту нәтижелері, қосымша және бейресми білім беру арқылы алған" (бұдан әрі – қосымша білім беру Қағидалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) сертификаттау сәтінде жалпы көлемде кемінде:

Өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша еңбек қызметі 3 (үш) жылдан кем немесе одан көп үзілісі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін, маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын берілген маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан кем немесе одан көп болған кезде (4.0 5.0, 6.0, 7.0 (I) немесе 7.1 (R)) біліктілік деңгейіне үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) біліктілікті арттырудың 5 кредиті (150 академиялық сағат).

Шет тілінде берілген құжатқа қосымша қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма ұсынылады.

Медициналық білім беру ұйымын бітірген сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде маман сертификатын алмаған, сондай-ақ жаңа мамандыққа немесе мамандануға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар мәлімделген мамандық немесе мамандану бойынша денсаулық сақтау жүйесі

қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растайтын құжаттарды ұсынбайды.

8) мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) (мамандандыру бойынша маман сертификатын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (сервисте мәліметтер болмаған кезде) (бар болған кезде) ;

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің " денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына сәйкес кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде болып тіркелген № 21763) өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша еңбек қызметі 3 (үш) жылдан астам үзілісі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін, маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын алынған маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан асқан кезде , сондай-ақ жаңа мамандыққа немесе мамандандыруға үміткерлер (оның ішінде шетелде медициналық білім алған адамдар үшін) (сервисте мәліметтер болмаған кезде) (бар болған кезде) ;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына, қызметтің мәлімделетін кіші түрлеріне сәйкес көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжат (жұмыскерлердің бейіндері және іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар

сервисінде (бұдан әрі – сервис) еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болмаған кезде) (бар болған жағдайда).

Қолданыстағы маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын алынған маман сертификатының қолданылу мерзімі мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша 3 (үш) жылдан астам өткен кезде көрсетілетін қызметті алушылар бағалау және дағдылар нәтижесін бере отырып, алғаш мәлімделген мамандық немесе мамандандыру ретінде маман сертификатын алуға үміткер болады.

Көрсетілетін қызметті алушылар " Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21699 болып тіркелген) (бұдан әрі - Мамандықтар тізбесі) бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесінде көрсетілген мамандықтар немесе мамандандырулар бойынша маман сертификатын алады.

Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша маман сертификатының қолданыстағы немесе қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан кем, растау үшін медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

- 1) сертификаттау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес қызметті алушының куәландырылған ЭЦҚ-сы бар электрондық құжат нысанындағы өтініш;
- 2) осы қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін және кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар, мәлімделетін мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметі үзіліссіз қолданыстағы маман сертификаты бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес (іске асырылған интеграция (бұдан әрі – сервис) арқылы цифрлық құжаттар сервисінде мәліметтер болмаған кезде) (олар болған кезде);

4) жалпы көлемде сертификаттау сәтінде қосымша білім беру қағидаларына сәйкес мәлімделген мамандық немесе мамандану бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлік:

4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I) немесе 7.1 (R) біліктілік деңгейімен мәлімделген мамандық бойынша маманның қолда бар сертификатын растайтын көрсетілетін қызметті алушылар үшін базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың 5 кредиті (150 академиялық сағат));

Шет тілінде берілген құжатқа қосымша қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма ұсынылады.

5) мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) (мамандандыру бойынша маман сертификатын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (сервисте мәліметтер болмаған кезде) (ол болған кезде);

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметтің мәлімделетін кіші түрлеріне сәйкес көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжат (қызметкерлердің бейіндері және

сервисте еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болмаған кезде);

7) мәлімделген мамандық бойынша интернатурада және (немесе) резидентурада немесе клиникалық ординатурада немесе қайта даярлауда оқуды аяқтағанын растайтын құжаттар (бар болған жағдайда) (2022 жылдың 15 қарашасына дейін);

8) қолда бар мамандық немесе мамандандыру бойынша маман сертификатының көшірмесі (сервисте мәліметтер болмаған жағдайда) (қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын, мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша жарамсыз маман сертификаты немесе мамандандыруы бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

9) Тану қағидаларына сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) медициналық білім алған көрсетілетін қызметті алушының білімін тану туралы құжат.

Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша қолданыстағы маман сертификатын растау кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының қолданыстағы маман сертификатының (қолданылу мерзімі, мамандығы немесе мамандануы) болуын сервистен тексереді. Сервистен алынған деректер сәйкес келген жағдайда қолданыстағы маман сертификаты сертификаттау қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша 5 (бес) жылға маман сертификатын берумен расталады.

Жұмыс өтілінде 3 (үш) жылдан кем үзілісі және (немесе) мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша мерзімі 3

(үш) жылдан кем жарамсыз маман сертификаты бар, көрсетілетін қызметті алушылар мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша бұрын алған маман сертификаты расталған кезде бағалау және дағдылар нәтижесін ұсынбайды. 2014 жылға дейін "Емдеу ісі", "Педиатрия" және "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдарын бітірген, мәлімделген мамандық бойынша интернатура, резидентура, клиникалық ординатура мамандықтары сәйкес келмеген кезде Мамандықтар тізбесінде көзделген медициналық мамандықтар бойынша сертификат алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар мәлімделген мамандық бойынша қайта даярлаудан өткені туралы оқу ұзақтығын сағатпен көрсете отырып құжаттарды ұсынады (жұмыс істейтін мамандар үшін). 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін өтініш берілген мамандық бойынша Медициналық, оның ішінде клиникалық қызметке кіріскен және құжаттарды тапсыру сәтінде үздіксіз жұмыс өтілі бар, еңбек кітапшасындағы (ол болған кезде) немесе жеке еңбек шартындағы жазбалармен не қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмелермен расталатын көрсетілетін қызметті алушыларға өтініш берілген мамандық бойынша қайта даярлаудан өтуі қажет емес.

"Емдеу ісі", "Педиатрия", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша 1998 жылдан кейін және "Шығыс медицинасы" және "Стоматология" мамандықтары бойынша және 2006 жылдан кейін жоғары медициналық білім беру ұйымдарын бітірген көрсетілетін қызметті алушылар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 21-бабы 5-тармағына (

бұдан әрі – "Білім туралы" Заңы) сәйкес интернатураны бітіргені туралы құжат ұсыну клиникалық практикаға жіберудің міндетті шарты болып табылады.

2013 жылдан кейін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдарын бітірген, мамандықтар тізбесінде көзделген клиникалық мамандықтар бойынша сертификат алуға көрсетілетін қызметті алушы "Білім туралы" заңының 22-бабы 3-тармағына сәйкес резидентураны бітіргені туралы құжатты ұсынады.

Техникалық және кәсіптік білімі, орта білімнен кейінгі медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушы мамандықтар тізбесінде көрсетілген мамандықтар бойынша сертификат алу үшін оқуды бітірген жылын ескере отырып, мынадай құжаттарды ұсынады:

1) 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін: "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша – "Мейіргер ісі", "Емдеу ісі", "Акушериялық іс" мамандықтары бойынша жалпы орта медициналық білімі туралы диплом, "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандығы бойынша жоғары білімі туралы диплом, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалавриат және "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша соңғы 5 жыл ішінде біліктілігін арттыру туралы құжат;

"Емдеу ісі" мамандығы бойынша – "Емдеу ісі", "Акушериялық іс" мамандығы бойынша орта медициналық білімі туралы диплом, "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары білімі туралы диплом, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалаврлар және соңғы 5 жылдағы "Емдеу ісі" мамандығы

бойынша 2021 жылға дейін қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы құжат;

"Акушериялық іс" мамандығы бойынша – "Акушериялық іс", "Емдеу ісі", "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша орта медициналық білімі туралы диплом, "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары білімі туралы диплом, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалаврлар және соңғы 5 жылдағы "Акушериялық іс" мамандығы бойынша 2021 жылға дейін қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы құжат;

2) 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін: "Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша – "Зертханалық диагностика", "Акушериялық іс", "Емдеу ісі", "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша орта медициналық білім туралы диплом, "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары білім туралы диплом, "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалаврлар және соңғы 5 жылғы сертификаттық курс (2021 жылға дейін қайта даярлау) немесе "Зертханалық диагностика" мамандығы бойынша біліктілігін арттыру туралы құжат.

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін медициналық қызметке кіріскен және үздіксіз жұмыс істейтін "Мейірбике ісі", "Емдеу ісі", "Акушерлік іс", "Зертханалық диагностика", "Фельдшер-зертханашы", "Санитариялық фельдшер", "Стоматология", "Тіс дәрігері" мамандықтары бойынша орта медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушыларға құжаттарды тапсыру сәтіндегі жұмыс өтілі, ол еңбек кітапшасындағы (ол болған кезде)

немесе жеке еңбек шартындағы жазбалармен не қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінді көшірмемен расталады, өтініш берілген мамандық бойынша қайта даярлаудан өту талап етілмейді. Көрсетілетін қызметті алушылар осы тармақта көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" заңының 1-бабы 7) тармақшасына сәйкес электрондық көшірмелер түрінде береді.

Шет тілінде берілген құжатқа қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасының электрондық нұсқасы қосымша ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде оның "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Маман сертификатын беруге өтінімдерді қарау кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21856 болып тіркелген) Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары ескеріледі.

2015 жылдың 9 қазанына дейін мамандарға берілген мерзімсіз сертификаттар әр 5 жыл сайын біліктілікті арттырудан өту кезінде тұрақты жарамды болады. Мамандық немесе мамандық бойынша маман сертификатын алған кезде көрсетілетін қызметті алушыға үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес дәйектілікті сақтай отырып, біліктіліктің кезекті деңгейі беріледі.

		<p>Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар көрсетілетін қызметті алушыны біліктілік деңгейі тиісті мамандық бойынша маман сертификатына қайта ресімдеген кезде бағалау мен дағдылардың нәтижесін ұсынбайды</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының сертификаттау қағидаларына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады</p>
		<p>1. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі</p>

10	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің kmfk@dsm.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.</p> <p>4. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>5. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері - 1414, 8-800-080-7777.</p>
----	--	---

"Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі қосымша

Нысан

Мәліметтер нысаны

1. Мәлімделген мамандықтың немесе мамандандырудың атауы _____
- 1.1. Біліктілік деңгейі* _____
2. Медициналық білім _____
 - 2.1. Білімі (техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі, жоғары білім)

(дипломның электронды көшірмесі)
 - 2.2. Дипломды тану (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған тұлғалар үшін) (тану туралы құжаттың электронды көшірмесі)
- Оқыған елі _____
- Білім беру ұйымының толық атауы _____

Тану куәлігін берген орган _____

Тану бұйрығының нөмірі _____

Тану тіркеу нөмірі _____

Тану куәлігінің берілген күні _____

3. Мәлімделген мамандық бойынша интернатура (бар болған жағдайда), клиникалық ординатура, резидентура мамандығы туралы мәліметтер (жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін) (құжаттың электронды көшірмесі)

3.1. Интернатура мамандығы _____

3.2. Клиникалық ординатура мамандығы _____

3.3. Резидентура мамандығы _____

3.4. Магистратура мамандығы _____

3.5. Докторантура мамандығы _____

4. Қайта даярлау туралы мәлімет (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған) (мәлімделген мамандық бойынша маман сертификатын растайтын тұлғалар үшін) (құжаттың электрондық көшірмесі) (бар болған жағдайда)

4.1. Қайта даярлау туралы куәліктің нөмірі _____

4.2. Қайта даярлау мамандығы _____

4.3. Оқытқан ұйымның атауы _____

4.4. Оқудың сағат бойынша көлемі _____

4.5. Оқудың басталуы _____

4.6. Оқудың аяқталуы _____

5. Сертификаттау курсы туралы мәлімет (құжаттың электрондық көшірмесі) (бар болған жағдайда)

5.1. Сертификаттау курсы туралы куәлік нөмірі _____

5.2. Сертификаттау курсы бойынша мамандандыру _____

5.3. Оқытқан ұйымның атауы _____

5.4. Оқудың кредиті бойынша көлемі _____

5.5. Оқудың басталуы _____

5.6. Оқудың аяқталуы _____

6. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша клиникалық практикаға жіберу үшін қолданыстағы маман сертификатының мәліметтері (бар болған жағдайда)

6.1. Бұйрықтың күні мен нөмірі _____

6.2. Әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды, тіркеу нөмірі _____

6.3. Берген орган _____

6.4. Сертификаттың қолданылу мерзімі _____

6.5. Мамандығы немесе мамандандыруы _____

7. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін даярлығын бағалау нәтижесі _____ (бар болған жағдайда).

8. Қазіргі жұмыс орны туралы мәліметтер _____

8.1. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша жұмыс өтілі (жыл, ай, күн) _____

8.2. Жалпы медициналық өтілі (жыл, ай, күн) _____

8.3. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны _____

8.4. Лауазымы _____

8.5. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметі

Қабылданған күні	Босатылған күні	Жұмыс орны	Атқаратын лауазымы	Бұйрық №	Бұйрық шығарылған күн
------------------	-----------------	------------	--------------------	----------	-----------------------

9. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру:

1) мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша біліктілікті арттыру куәлігі

туралы мәліметтер _____

2) біліктілікті арттыру туралы куәліктің нөмірі; _____

3) цикл атауы _____

4) оқытатын ұйымның атауы _____

5) оқудың басталуы _____

6) оқудың аяқталуы _____

7) кредитпен оқыту көлемі (сағатпен)

10. Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растайтын құжаттар.

11. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Ақпараттық сервисінен алынған деректерге сәйкес мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша медициналық қызметке тыйым салу туралы немесе тыйым салынбау туралы мәліметтер _____.

Ескертпе*: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды

"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкімет" веб – порталы (www. egov. kz, www. elicense. kz)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні
4	Көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы маман сертификаты не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен; 2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру

		келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)
		<p>Маман сертификатын алу үшін фармацевтикалық білімі бар жеке тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті не резиденті емес) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі -ЭЦҚ) куәландырылған, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарының 1-қосымшасына (бұдан әрі – сертификаттау қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі қосымша нысанына сәйкес мәліметтер нысаны;</p> <p>3) оқуды бітірген үміткерлер үшін техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі фармацевтикалық білімі туралы диплом (2015 жылға дейін оқуды бітірген көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда);</p> <p>4) "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы бұйрықтарының өзгеруіне байланысты сәйкес келтірілді № 268 "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) (бұдан әрі – тану қағидалары) сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес мәлімдеген мамандық бойынша сертификаттау сәтінде жалпы көлемде кемінде 4 кредит (120 сағат) сертификаттау сәтінде соңғы 5 (бес) жыл ішінде мәлімделген мамандық бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлік біліктілігін арттыру туралы куәлігі (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі – қосымша білім беру қағидалары) (сертификат алуға өтініш берген сәтте 5 (бес) жылдан кешіктірмей фармацевтикалық оқуын аяқтаған техникалық және кәсіптік, жоғары оқу білім беру түлектерін қоспағанда);

6) мәлімденген мамандық бойынша қосымша білім беру қағидаларына сәйкес (мамандығы бойынша еңбек қызметінде 3 (үш) жылдан астам үзілісі бар) жалпы көлемі кемінде 8 кредит (240 сағат) біліктілігін арттыру туралы куәлік;

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21673 болып тіркелген) бекітілген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі техникалық және кәсіптік, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі фармацевтикалық білім беру түлектері және (немесе) мәлімделген мамандық бойынша еңбек қызметінде 3 (үш) жылдан астам үзілісі бар үміткерлер үшін);

8) "Электрондық үкімет" шлюзінің ақпараттық жүйесінде қызметкерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болмаған жағдайда 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес мәлімделген кіші қызмет түрлеріне сәйкес көрсетілетін қызметті алушының

		<p>енбек қызметін растайтын құжат ұсынады (болған жағдайда);</p> <p>9) шетелдік маманның жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі). Үміткер барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде оның "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушылар мамандығы бойынша үздіксіз жұмыс өтілі және соңғы 5 жыл ішінде біліктілігін арттырған куәлігі кемінде 4 кредит (120 сағат) көлемінде бар үміткерлер осы тармақтың 7)-тармақшасында көзделген құжатты ұсынбастан бастапқы сертификаттауға жіберіледі</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне</p>

		<p>енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>б) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің kmfk@ dsm. gov. kz интернет-ресурсында көрсетілген.</p> <p>4) Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, загіптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>5) Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері - 1414, 8-800-080-7777</p>

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды

жүргізу, шетелдік мамандарды
қоса алғанда, денсаулық сақтау
саласындағы маман
сертификатының қолданысын
растау қағидаларын, сондай-ақ
Қазақстан Республикасынан тыс
жерлерде медициналық білім
алған адамды денсаулық сақтау
саласындағы маманды
сертификаттауға жіберу
шарттарына 4-қосымша

Нысан

Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

мамандығы бойынша клиникалық практиканы немесе фармацевтикалық практиканы немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы маманның осы сертификатын алдым

(номенклатура бойынша мамандық немесе мамандандыру)

Біліктілік деңгейі _____

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының бұйрығы

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

Сертификат 20 ____ жылғы " ____ " _____ дейін жарамды.

Тіркеу № _____

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Денсаулық сақтау саласындағы
маманды сертификаттауды
жүргізу, шетелдік мамандарды
қоса алғанда, денсаулық сақтау
саласындағы маман
сертификатының қолданысын
растау қағидаларын, сондай-ақ
Қазақстан Республикасынан тыс
жерлерде медициналық білім
алған адамды денсаулық сақтау
саласындағы маманды
сертификаттауға жіберу
шарттарына 5-қосымша

Нысан

Кімге _____
мемлекеттік органның толық
атауы)
кімнен _____
тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)
Почта мекенжайы _____

Байланыс телефоны _____

Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру туралы өтініш

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Клиникалық практикаға жіберу үшін _____
(мамандығын немесе мамандандыруын көрсету)

мамандығы немесе мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының
аумағында

денсаулық сақтау ұйымында жұмыс істеу үшін

(денсаулық сақтау ұйымының атауын көрсету)

маман сертификатын беруді сұраймын

Біліктілік деңгейі* _____

Денсаулық сақтау ұйымы туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны _____

2. Ұйымның мекенжайы _____

(облыс, қала, аудан, көше, үйдің №, телефон)

3. Филиалдары, өкілдіктері _____

(орналасқан жері)

Мен дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынамын.

Өтінішке қоса берілетін құжаттар (саны және атаулары): _____

Шетелдік маман _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20__ жылы " __ " _____

Мен дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынамын.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерінің облыстық, Алматы, Шымкент, Астана қалаларының аумақтық бөлімшелеріне беруге келісім беремін.

Дербес деректерді жинауға, өңдеуге мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңінде қолданылады.

(көрсетілетін қызметті алушының қолы
)

(толтырылған күні)

Ескертпе*: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 6-қосымша

"Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"электрондық үкімет" веб-порталы (www.egov.kz, www.elicense.kz)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5		Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маман

	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	сертификаты не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)</p>
		<p>Шетелдік маман сертификатын алу үшін медициналық білімі бар жеке тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті емес) (алғаш рет мәлімделетін мамандыққа немесе мамандандыруға) медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі -ЭЦҚ) куәландырылған, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығымен Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім</p>

алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарының 5-қосымшаға (бұдан әрі – сертификаттау қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) шетелдік маманның жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (ақпараттық жүйеде болмаған жағдайда);

4) "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы бұйрықтарының өзгеруіне байланысты сәйкес келтірілді № 268 "білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) (бұдан әрі – тану қағидалары) қағидаларына сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) медициналық білім алған көрсетілетін қызметті алушының білімі туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжат.

5) Қазақстан Республикасының аумағында білім беру ұйымдарын бітірген шетелдік мамандар мыналарды ұсынады:

2012 жылға дейін оқуды бітірген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі медициналық білім туралы диплом (ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда);
мәлімделінген мамандық немесе мамандандыру бойынша интернатурада және (немесе) резидентурада немесе клиникалық ординатурада (бар болса);

б) шетелдік маман тұратын елде берілген, мәлімделген мамандық немесе мамандану бойынша клиникалық практиканың жүзеге асырылуын растайтын құжат;

7) Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін және кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар (іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінде мәліметтер болмаған кезде (бұдан әрі -сервис) өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша еңбек қызметі үзіліссіз қолданыстағы маман сертификаты бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес – сервис) (бар болса) (4.1, 5.1, 6.1, 7.1 (I), 7.2 (R) және одан жоғары біліктілік деңгейін алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

8) "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және бейресми білім беру қағидаларын, Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің

2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкес Оқыту нәтижелері, қосымша және бейресми білім беру арқылы алған (бұдан әрі – қосымша білім беру Қағидалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) сертификаттау сәтінде жалпы көлемде кемінде:

Өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша еңбек қызметі 3 (үш) жылдан кем немесе одан көп үзілісі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін, маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын берілген маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан кем немесе одан көп болған кезде (көрсетілетін қызметті алушылар үшін) базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың 5 кредиті (150 академиялық сағат) біліктілік 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I) немесе 7.1 (R)); Шет тілінде берілген құжатқа қосымша қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма ұсынылады;

9) мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) (мамандандыру бойынша маман сертификатын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (сервисте мәліметтер болмаған кезде) (бар болған кезде) ;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат (оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа алғаш кіріскен адамдар ұсынбайды);

11) жұмыс берушіге (денсаулық сақтау ұйымы), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаты (Қазақстан Республикасында тұрақты

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тұратын шетелдік мамандар, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары болып табылатын шетелдік жұмыскерлер бермейді); 12) білімі туралы құжаттарды алғаннан кейін тегін, атын немесе әкесінің атын (бар болса) өзгерткен шетелдік адамдар үшін атын, әкесінің атын (бар болса), тегін ауыстырғаны немесе неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы құжат;

13) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген).

Өтініш берілген мамандық немесе мамандану бойынша маман сертификатының қолданыстағы немесе қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан кем екенін растау үшін медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі -ЭЦҚ) куәландырылған, әрі – сертификаттау қағидалары) сәйкес электрондық құжат 5-нысанындағы өтініш;

2) шетелдік маманның жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап

етіледі) (ақпараттық жүйеде болмаған жағдайда);

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) сәйкес өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша біліктілігін арттыру туралы өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметінде 3 (үш) жылдан астам үзілісі бар, маман сертификаты болмаған кезде немесе бұрын берілген маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан астам өткен кезде көрсетілетін қызметті алушылар үшін базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 150 (академиялық сағаты) Шет тілінде берілген құжатқа қосымша қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма ұсынылады.

4) қолда бар мамандық немесе мамандандыру бойынша маман сертификатының көшірмесі (сервисте мәліметтер болмаған жағдайда) (өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша жарамдылық мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын жарамсыз маман сертификаты бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін).

5) жалпы көлемде сертификаттау сәтінде қосымша білім беру қағидаларына сәйкес мәлімделген мамандық немесе мамандану бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлік:

4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I) немесе 7.1 (R) біліктілік деңгейімен мәлімделген мамандық бойынша маманның қолда бар сертификатын растайтын көрсетілетін қызметті алушылар үшін базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың 5 кредиті (150 академиялық сағат));

Шет тілінде берілген құжатқа қосымша қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аударма ұсынылады.

6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметтің мәлімделетін кіші түрлеріне сәйкес көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжат (жұмыскерлердің бейіндері және іске асырылған интеграция (бұдан әрі – сервис) арқылы цифрлық құжаттар сервисінде еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болмаған кезде (бар болған кезде);

7) мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) (мамандандыру бойынша маман сертификатын алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін) (сервисте мәліметтер болмаған кезде) (бар болған кезде) ;

8) Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін және кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелерін растайтын құжаттар, мәлімделетін мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметі үзіліссіз қолданыстағы маман сертификаты бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес (іске

асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінде мәліметтер болмаған кезде (бұдан әрі – сервис) (4.1, 5.1, 6.1, 7.1 (I), 7.2 (R) және одан жоғары біліктілік деңгейін алуға үміткер көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

9) Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша қолданыстағы маман сертификатын және біліктілік деңгейін растау кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыда қолданыстағы маман сертификатының болуын (қолданылу мерзімі, мамандығы, мамандандыру) сервистен тексереді.

Сервистен алынған деректер сәйкес келген жағдайда, қолданыстағы маман сертификаты сертификаттау қағидаларының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша 5 (бес) жылға маман сертификатын берумен расталады. Өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек өтілі 3 (үш) жылдан кем үзілісі бар және (немесе) өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша 3 (үш) жылдан кем мерзімі өткен жарамсыз маман сертификаты бұрын алынған маман сертификатын растаған кезде көрсетілетін қызметті алушылар бағалау және дағдылар нәтижесін ұсынбайды.

Қолданыстағы маман сертификаты болмаған кезде немесе өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша бұрын алынған маман сертификатының қолданылу мерзімі 3 (үш) жылдан астам өткен кезде көрсетілетін қызметті алушылар бағалау нәтижесі мен дағдыларын ұсына отырып, алғаш өтініш берілген мамандық немесе

		<p>мамандандыру ретінде маман сертификатын алуға үміткер болады</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының сертификаттау ережелеріне сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады</p>

10

Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

2) Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің kmfk@dsm.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

4) Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, загіптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.

5) Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері-1414, 8-800-080-7777

"Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі
қосымша
Нысан

Мәліметтер нысаны

1. Мәлімделген мамандықтың немесе мамандандырудың атауы

1.1 Біліктілік деңгейі* _____

2. жұмыс берушіге (денсаулық сақтау ұйымы), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаты (Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын

шетелдік мамандар, сондай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары болып табылатын шетелдік жұмыскерлер бермейді) рұқсаты туралы мәліметтер _____

3. Денсаулық сақтау ұйымы туралы мәліметтер _____

3.1. Денсаулық сақтау ұйымының атауы _____

3.2. Меншік нысаны _____

3.3. Мекеменің атауы _____

3.4. Филиалдар мен өкілдіктер туралы деректер _____

4. Медициналық білім _____

4.1. Білімі (техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі, жоғары білім)

(дипломның электронды көшірмесі)

4.2. Дипломды тану (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған тұлғалар үшін) (тану туралы құжаттың электронды көшірмесі)

Оқыған елі _____

Білім беру ұйымының толық атауы _____

Тану куәлігін берген орган _____

Тану бұйрығының нөмірі _____

Тану тіркеу нөмірі _____

Тану куәлігінің берілген күні _____

5. Мәлімделген мамандық бойынша интернатура (бар болған жағдайда), клиникалық

ординатура, резидентура мамандығы туралы мәліметтер (жоғары медициналық білімі

бар мамандар үшін) (құжаттың электронды көшірмесі)

5.1. Интернатура мамандығы _____

5.2. Клиникалық ординатура мамандығы _____

5.3. Резидентура мамандығы _____

5.4. Магистратура мамандығы _____

5.5. Докторантура мамандығы _____

6. Қайта даярлау туралы мәлімет (2021 жылғы 1 қаңтарға дейін алынған) (мәлімделген

мамандық бойынша маман сертификатын растайтын тұлғалар үшін) (құжаттың электронды көшірмесі) (бар болған жағдайда)

6.1. Қайта даярлау туралы куәліктің нөмірі _____

6.2. Қайта даярлау мамандығы _____

6.3. Оқытқан ұйымның атауы _____

6.4. Оқудың сағат бойынша көлемі _____

6.5. Оқудың басталуы _____

6.6. Оқудың аяқталуы _____

7. Сертификаттау курсы туралы мәлімет (құжаттың электрондық көшірмесі) (бар болған жағдайда)

7.1. Сертификаттау курсы туралы куәлік нөмірі _____

7.2. Сертификаттау курсы бойынша мамандандыру _____

7.3 Оқытқан ұйымның атауы _____

7.4. Оқудың кредиті бойынша көлемі _____

7.5. Оқудың басталуы _____

7.6. Оқудың аяқталуы _____

8. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша клиникалық практикаға жіберу үшін қолданыстағы маман сертификатының мәліметтері (бар болған жағдайда)

8.1. Бұйрықтың күні мен нөмірі _____

8.2. Әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды, тіркеу нөмірі _____

8.3. Берген орган _____

8.4. Сертификаттың қолданылу мерзімі _____

8.5. Мамандығы немесе мамандандыруы _____

9. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін даярлығын бағалау нәтижесі _____ (бар болған жағдайда).

10. Қазіргі жұмыс орны туралы мәліметтер _____

10.1. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша жұмыс өтілі (жыл, ай, күн) _____

10.2. Жалпы медициналық өтілі (жыл, ай, күн) _____

10.3. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны _____

10.4. Лауазымы _____

10.5. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметі

Қабылданған күні	Босатылған күні	Жұмыс орны	Атқаратын лауазымы	Бұйрық №	Бұйрық шығарылған күн
------------------	-----------------	------------	--------------------	----------	-----------------------

11. Мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру:

1) мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша біліктілікті арттыру куәлігі туралы мәліметтер _____

2) біліктілікті арттыру туралы куәліктің нөмірі; _____

3) цикл атауы _____

4) оқытатын ұйымның атауы _____

5) оқудың басталуы _____

6) оқудың аяқталуы _____

7) кредитпен оқыту көлемі (сағатпен)

12. Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растайтын құжаттар.

13. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Ақпараттық сервисінен алынған деректерге сәйкес мәлімделген мамандық немесе мамандандыру бойынша медициналық қызметке тыйым салу туралы немесе тыйым салынбау туралы мәліметтер.

Ескертпе*: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 7-қосымша

Нысан

Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманның сертификаты

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ (номенклатура бойынша мамандық немесе мамандандыру)

мамандығы немесе мамандандыру бойынша клиникалық практикаға жіберу үшін осы

шетелдік маман сертификатын алады.

Біліктілік деңгейі _____

Оны беру туралы шешім шығарған мемлекеттік орган басшысының бұйрығы 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____.

Сертификат 20 ____ жылғы " ____ " _____ дейін жарамды.

Тіркеу № _____

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Басшының қолы _____

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 8-қосымша

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Шарттар 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын беру". Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы: - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын растау; - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы маман сертификатын қайта ресімдеу		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті беру тәсілдері	"электрондық үкімет" (www.egov.kz , www.elicense.kz) веб-порталы арқылы (бұдан әрі - Портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Маман сертификаты немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша тегін негізде көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады</p>
		<p>Маман сертификатын алу үшін (мәлімделген мамандыққа немесе мамандандыруға) медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушы:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу</p>

шарттарының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21818 болып тіркелген) (бұдан әрі - Сертификаттау қағидалары) 11-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша өтінішті;

2) Сертификаттау қағидаларының 12-қосымшасына сәйкес электрондық мәліметтер нысанын;

3) ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның электрондық көшірмесін;

4) Қазақстан Республикасы шекарасынан тыс медициналық білім алған кезде "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 және "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33219 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрықтарына (бұдан әрі – Тану қағидалары) сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесін;

5) "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және

формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21847 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қосымша білім беру қағидалары) сәйкес алынған (мәлімделген мамандандыру үшін) кемінде 10 кредит (300 академиялық сағат) қосымшасымен (транскрипт) сертификаттық курс туралы куәліктің электрондық көшірмесін ;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда (түлектерден басқа) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін;

7) "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген болып № 21763) (бұдан әрі – Білім мен дағдыларды бағалау қағидалары) сәйкес біліктілік деңгейін көрсете отырып, бағалау жөніндегі ұйым

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесін (бар болған кезде) ұсынады.

Мамандығы (медициналық білімі бар) немесе мамандандыру (медициналық емес білімі бар) бойынша жұмыс еңбек өтілі 3 жылдан астам үзіліс кезінде маман сертификатын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, Сертификаттау қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша өтінішті;

2) Сертификаттау қағидаларының 12-қосымшасына сәйкес электрондық мәліметтер нысанын;

3) ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның электрондық көшірмесін;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған кезде Тану қағидаларына сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесін;

5) Қосымша білім беру қағидаларына сәйкес алынған мәлімдеген мамандық немесе мамандандыру бойынша жалпы көлемі кемінде 6 кредит (180 академиялық сағат) біліктілікті арттыру туралы куәліктің электрондық көшірмесін;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін;

7) Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін, біліктілік деңгейін көрсете отырып, бағалау жөніндегі ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесін (бар болған кезде) ұсынады.

Маман сертификатын алу үшін медициналық емес білімі бар көрсетілетін қызметті алушы:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, Сертификаттау қағидаларына 11-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша өтінішті;

2) Сертификаттау қағидаларына 12-қосымшасына сәйкес электрондық мәліметтер нысанын;

3) ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның электрондық көшірмесін;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім алған кезде Тану қағидаларына сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесін;

5) Қосымша білім беру қағидаларына сәйкес берілген мәлімдеген мамандандыру бойынша кемінде 10 кредит (300 академиялық сағат) қосымшасымен (транскрипт) сертификаттау курсы туралы куәліктің электрондық көшірмесін ;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда Қазақстан

Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін;

7) Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес, біліктілік деңгейі көрсетілмей, бағалау жөніндегі ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесін (бар болған кезде);

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған кезде Тану қағидаларына сәйкес берілген басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған көрсетілетін қызметті алушының білім туралы құжаттарын тану және (немесе) нострификациялау туралы құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады.

Маман сертификатын және 3 жылдан кем қолданылу мерзімі өткен маман сертификатын растау үшін көрсетілетін қызметті алушы :

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, Сертификаттау қағидаларының 11-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша өтінішті;

2) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады, ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың біреуін;

3) мәлімдеген берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша еңбек қызметі үзіліссіз қолданыстағы маман сертификаты бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін жалпы көлемі кемінде 4 кредит (120 академиялық сағат) болатын Қосымша білім беру қағидаларына сәйкес алынған біліктілікті арттыру туралы куәліктің (соңғы 5 жыл ішінде) электрондық көшірмесін;

4) Білім мен дағдыларды бағалау қағидаларына сәйкес медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушылар үшін біліктілік деңгейін көрсете отырып, бағалау жөніндегі ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесін (бар болған кезде) ұсынады.

Маман сертификатын қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушы:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, Сертификаттау қағидаларының 10-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаны бойынша өтінішті;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда сертификатты қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар көрсетілетін қызметті алушыны біліктілік деңгейі тиісті мамандық бойынша маман сертификатына қайта ресімдеген кезде бағалау нәтижесін ұсынбайды.

Мамандық немесе мамандандыру бойынша маман сертификатын алған кезде медициналық білімі бар көрсетілетін қызметті алушыға Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау қағидаларына сәйкес дәйектілікті сақтай отырып, біліктіліктің кезекті деңгейі беріледі.

Біліктілік деңгейлерін беру және растау "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша білімі бар жеке тұлғаларға жүргізіледі.

Шет тілінде берілген құжатқа қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы нотариалды расталған электрондық көшірмесі қосымша ұсынылады

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылған соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қол жеткізуге келісімнің болмауы

Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда

1) Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz. интернет-ресурсында орналастырылған.

2) Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі болады.

3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай

10	көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі болады. 4) Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, загіптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар үстелшелер болуы. 5) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777
----	--	---

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына
9-қосымша
Нысан

Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты

Ескерту. Шарттар 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(номенклатура бойынша мамандық немесе мамандандыру)

мамандығы немесе мамандандыру бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін шын мәнінде осы маман сертификатын алды.

Біліктілік деңгейі _____.

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Сертификаттың расталған күні 20 ____ жылғы " ____ " ____ .

Сертификатты растау/қайта рәсімдеу кезінде ӘҚНҚ № _____ көрсетіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына 10-қосымша

Маман сертификатын қайта ресімдеу үшін өтініш

Ескерту. Шарттар 10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2025 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

_____-ге
(көрсетілетін қызметі берушінің атауы)

_____-ден
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(берілген күні, ӘҚНҚ №, көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

берген 20__жылғы " __ " ____ № _____ маман сертификатын қайта ресімдеуді сұраймын.

(Х ұяшыққа сәйкес келетін мынадай (мына) негіз (негіздер) бойынша:

1) _____ құжатта қателер (қате жазулар) анықталған;

2) _____ көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) өзгерген;

3) _____ Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптар болған.

Көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы _____

Электрондық почта _____

Телефондар _____

Қызметті немесе әрекетті (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елдімекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың

(стационарлық үй-жайдың нөмірі)

_____ парақта қоса беріледі.

Мен дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынамын.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Қолы күні, айы, жылы

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына
11-қосымша

Нысан

_____ (мемлекеттік органның атауы)

_____ басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ЖСН)

Тұрғылықты жері _____

Өтініш

Ескерту. Шарттар 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Сізден, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін

_____ (мамандық немесе мамандандырудың атауы)

_____ маман сертификатын беруді/растауды (қажетінің астын сызу) сұраймын (расталған кезде сертификаттың ӘҚНК нөмірі көрсетіледі).

Біліктілік деңгейі* _____

Мен дұрыс мәліметтер мен құжаттарды ұсынамын.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге

келісім беремін.

Қолы күні, айы, жылы.

*Ескертпе: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарына
12-қосымша

Мәліметтер нысаны

Ескерту. Шарттар 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.01.2023 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.03.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандар үшін мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау және біліктілігінің сәйкестігін растау нәтижесі

1.1. Мәлімдеген мамандықтың атауы _____

1.2. Мәлімдеген мамандандырудың атауы _____

1.3. Бағалау қорытындысын берген орган _____

1.4. Бағалау қорытындысын алған жылы, айы, күні _____

1.5. Біліктілік деңгейі* _____

2. Білім _____

2.1. Білімі (орта білім, орта білімнен кейінгі білім, техникалық және кәсіби білім, жоғары білім)

2.2. Диплом нөмірі _____

2.3. Диплом сериясы _____

- 2.4. Білім беру ұйымының толық атауы _____
- 2.5. Оқитын елі _____
- 2.6. Түскен жылы _____
- 2.7. Бітірген жылы _____
- 2.8. Диплом бойынша мамандығы _____
- 2.9. Диплом бойынша біліктілігі _____
- 2.10. Нострификация және дипломды тану (Қазақстан Республикасынан тыс жерде білім алған тұлғалар үшін)

- Оқитын елі _____
- Білім беру ұйымының толық атауы _____
- Нострификация туралы куәлік берген орган _____
- Нострификация бұйрығының нөмірі _____
- Нострификацияның тіркеу нөмірі _____
- Нострификация куәлігінің берілген күні _____

3. Мәлімдеген мамандық бойынша жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім (магистратура)

(бар болғанда) туралы мәліметтер (жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін)

- 3.1. Магистратура мамандығы _____
- 3.2. Түскен жылы _____
- 3.3. Бітірген жылы _____
- 3.4. Оқу ұзақтығы _____
- 3.5. Оқудың сағат бойынша көлемі _____
- 3.6. Ұйымның толық атауы _____
- 3.7. Магистратура өткен орны _____

4. Мәлімдеген мамандандыру бойынша сертификаттау курсы жөніндегі куәлік туралы

мәліметтер

- 4.1. Сертификаттау курсы туралы куәліктің нөмірі _____
- 4.2. Сертификаттау курсы бойынша мамандандыру _____
- 4.3. Оқытатын ұйымның атауы _____
- 4.4. Оқу көлемі сағатпен _____
- 4.5. Оқудың басталуы _____
- 4.6. Оқудың аяқталуы _____
5. Қазіргі жұмыс орны туралы мәліметтер _____
- 5.1. Мәлімдеген мамандық бойынша жұмыс өтілі (жыл, ай, күн) _____
- 5.2. Қазіргі уақыттағы жұмыс орны _____
- 5.3. Атқаратын лауазымы _____
- 5.4. Өтініш берілген мамандық бойынша еңбек қызметі _____

--	--	--	--	--	--

Қабылданған күні	Жұмыстан босатылған күні	Жұмыс орны	Атқаратын лауазымы	Бұйрықтың №	Бұйрықтың шығарылған күні
------------------	--------------------------	------------	--------------------	-------------	---------------------------

6. Мәлімдеген мамандық немесе мамандандыру бойынша соңғы 5 жылда біліктілігін арттыру:

1) өтініш берілген мамандық немесе мамандандыру бойынша біліктілікті арттыру куәлігі туралы мәліметтер _____

2) біліктілікті арттыру туралы куәліктің нөмірі _____

3) цикл атауы _____

4) оқытатын ұйымның атауы _____

5) оқудың басталуы _____

6) оқудың аяқталуы _____

7) оқыту көлемі сағатпен _____

*Ескертпе: Біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 21843 болып тіркелген) сәйкес беріледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 15 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 531 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11787 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 тамызда жарияланған);

2. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 693 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12134 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 қазанда жарияланған);

3. "Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Университетінде" немесе оның медициналық ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының медициналық

ұйымдарында кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға шақырылған адамдарды қоспағанда, шетелдік мамандарды клиникалық практикаға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 733 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 94709 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 қазанда жарияланған);

4. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 531 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 596 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14081 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 11 тамызда жарияланған);

5. "Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Университетінде" немесе оның медициналық ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының медициналық ұйымдарында кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға шақырылған адамдарды қоспағанда, шетелдік мамандарды клиникалық практикаға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 733 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 337 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15272 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 11 шілдеде жарияланған);

6. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 1 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16238 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 қаңтарда жарияланған);

7. "Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында, сондай-ақ "Назарбаев Университетінде" немесе оның медициналық ұйымдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының медициналық ұйымдарында кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға шақырылған адамдарды қоспағанда, шетелдік мамандарды клиникалық практикаға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 733 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 17 мамырдағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18701 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 30 мамырда жарияланған);

8. "Денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 сәуірдегі № ҚР ДСМ-27/2020 бұйрығымен бекітілген Өзгерістер енгізілетін денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесінің 3, 4, 5-тармақтары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20333 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 13 сәуірде жарияланған).